

МАРК ЦУКЕРБЕРГ



Орындаган: Исмаилов Ғабит


Қарасаев Асқар

- **Марк Цукерберг** (Марк Эдлиот Цукерберг, мамырдың 14, 1984 жыл)— АҚШ бағдарламаушысы, Facebook әлеуметтік желісінің негізін қалаушы, және соның басқару кеңесінің төрағасы, филантроп. 2011 жылға сәйкес оның жеке қаражаты \$17.5 миллиард деп есептеледі. Facebook негізін 2004 жылы Гарвард университетінің студенті Марк Цукерберг қалаған болатын. «Time» журналы аталған желінің негізін қалаушы сол кездегі 26 жастағы Марк Цукербергті «Жыл адамы - 2010» атағымен марапаттады.

- БАҚ-тар Жыл адамы ретінде Жулиан Ассанж аталуы мүмкін деп болжам жасаған еді. Бірақ Марк Цукербергтің атақ-абыройы «Әлеуметтік желі» фильмі экранға шыққаннан кейін арта түсті. Бұл фильм Facebook желісінің негізін қалаған жас жігіттің өз ісіне беріктігін, еңбекқорлығын көрсетеді. Кейбір мәліметтер бойынша, Марк Цукерберг әлемге танымал Билл Гейтстің өміріне еліктеп, Гарвард университетіндегі оқуын тастап, фрилансер болуға ұмтылған



- Марк жастайынан-ақ, компьютерге деген қызығушылығын танытқан. Қызығушылықпен қатар, ерекше электронды машинаға деген икемінің де жақсы екендігі белгілі болды. Осылардың әсері болса керек, жас Марк 12 жасында Atari BASIC платформасында «Zucknet» деп ат қойып, хат алмасуға арналған бағдарлама жасап шығады. Кейін бұл құралды бүкіл отбасы өзара сөйлесу үшін қолдана бастады. Әкесі Эдвард «Zucknet»-ті клиникасында жаңа емделушінің келгендігін біліп отыру үшін пайдаланды. Ұлдарының компьютерлік ойындарды да жасап жүргенін көрген ата-анасы баласының қарымын арттыру үшін программашы Дэвид Ньюманды жалдап оқытты. Осылайша мұғалім аптасына бір рет келіп, Маркпен жұмыс істеп жүрді.



- Жас талант Phillips Exeter мектебіне де жазылып, өнер үйреніпті. Қандай өнер десеңіздер, кәдімгі семсерлесу өнері. Сонымен қатар, әдебиетте де біршама жетістіктерге жетіп, мектеп кезінде талай классиктердің шығармаларын түбірімен оқығанға ұқсайды.

facebook®

- **Facebook** – әлемдегі ең ірі әрі ең танымал әлеуметтік желі. 2004 жылы Марк Цукерберг өзінің серіктестері Эдуардо Саверин, Дастин Москович және Крис Хьюзбен біріге отырып **Facebook**-тың негізін қалаған. Марк Цукерберг 23 жасында өзінің сайтының арқасында әлемдегі ең жас миллиардер болды

- Сайттың алғашқы аты TheFacebook деп аталды және ол тек Гарвард университетінің студенттеріне ғана қол жетімді болды, кейінірек Бостон университетінің студенттеріне де жол ашылды, ал содан соң .edu доменіндегі электрондық мекенжайы бар АҚШ-тың кез-келген оқу орнындағы студенттер де тіркеле алатын болды .2006 жылдың қыркүйек айынан бастап 13 жастан асқан электрондық поштасы бар ғаламтор пайдаланушыларына қол жетімді болды. 2013 жылдың наурыз айындағы мәлімет бойынша Facebook-ты пайдаланушылар саны 1,11 миллиардты құрайды, олардың көбісі мобильді құрылғыдардың көмегімен кіреді. Facebook-тың 2009 жылғы қаржы айналымы 700 млн АҚШ долларын құрады



- *Facebook*-те өзің туралы фотосуреттер мен мәліметтері бар профиль жасауға, достар шақыруға, хат алмасуға, өз мәртебеңді (статусыңды) өзгертуге, өзіңнің және бөгде адамдардың «қабырғаларына» хабарлама жазып кетуге, фотосуреттер мен бейнежазбаларды жүктеуге, қауымдастықтар құруға (мүдделер бойынша бірлестік) мүмкіндік береді
- 2007 жылы *Facebook* бағдарламашыларға қосымшалар (ойындар, музыканы айырбастау құралдары, фотосуреттермен және тағы басқалар) құрып және бұдан табыс табуды ұсынады. Бұл мүмкіндіктің арқасында сайттың қатысушылары көбейді.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!